



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2020 жығы 30 қаңтар

KAZ MINERALS ТОБЫ 2019 ЖЫЛДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ІС-ҚЫЗМЕТІН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

2019 жылы KAZ Minerals Тобы 311,4 мың тонна мыс¹ өндірді – бұл 2018 жылға қарағанда (294,7 мың тонна) 6% артық. Ақтоғайдағы өндірістің озыңқы қарқынының арқасында компания жоспарлы 300 мың тоннаға жуық көрсеткіштен асып түсті. Бозшакөл мен Ақтоғайдағы сульфидті кендерді өңдейтін фабрикалар 2019 жылы есептік өткізу қуаттарында жұмыс істеді. Бозшакөл және Бозымшақ кен орындарында жоғары үлестің есебінен алтын² өндіру жыл бойында 10%-ға артып, 201,5 мың унцияға (2018: 183,4 мың унция) дейін жетті.

Ақтоғай

Төртінші тоқсанда Шығыс Қазақстан облысындағы Ақтоғай КБК-де 16 035 мың тонна кен (2019 жылдың 3-тоқсаны: 14 883 мың тонна) өндірілді. Үлесі төмен сульфидті кеннің қосымша көлемі өндіріліп, ол есептік тоқсанда үлесі жоғары кен бар учаскелерге жетіп, қайта өңдеу үшін жинақталған. Жыл көлемінде кен өндіру 32%-ға артып, 55 134 мың тоннаға дейін жетті (2018: 41 911 мың тонна). Ақтоғай КБК кеңейту қарсаңындағы тау-кен және дайындық жұмыстарына, сонымен қатар 2019 жылы үлесі жоғары кен бар учаскелерге қол жеткізіп, өңдеуге орай және үлесі төмен кенді қоймалауға байланысты кен өндіру қайта өңдеу көлемінен асып түсті.

Сульфидті кеннен мыс өндіру төртінші тоқсанда 2%-ға азайып, 30,1 мың тоннаны (2019 жылдың 3-тоқсаны: 30,6 мың тонна) құрады. Кендегі мыс үлесінің азаюы қайта өңдеу көлемінің ұлғаюымен ішінара өтелді. Сондай-ақ, тоқсан бойында оксидті кеннен катодты мыс өндірісі 6,7 мың тоннадан 4,2 мың тоннаға дейін азайды. Бұған себеп - температураның маусымдық ауытқуылары және кендегі мыстың орташа үлесінің төмен болуы.

Сульфидті кеннен мыс өндірудің жылдық көлемі - 123 мың тонна, бұл 2018 жылға қарағанда 16%-ға артық (105,7 мың тонна). Өсу негізінен кен өңдеудің 21%-дық ұлғаюына байланысты болды. 2019 жылы оксидті кеннен өндірілген катодты мыстың көлемі – 22,7 мың тонна. Бұл 2018 жылға (25,7 мың тонна) қарағанда 12%-ға аз, бірақ 2024 жылға дейінгі ұзақ мерзімді жоспарлы 20 мың тонна көрсеткіштен артық.

Таким образом, в 2019 году Ақтоғай достиг рекордного уровня добычи меди¹ – 145,7 тыс. тонн (на 11% больше по сравнению с 2018 годом), при этом превысив годовой плановый показатель 130-140 тыс. тонн. Высокий уровень производства достигнут благодаря сочетанию высокого содержания металла в руде, стабильной пропускной способности обогащательной фабрики, а также переноса техобслуживания мельницы с четвертого квартала 2019 года на январь 2020 года.

Сөйтіп, 2019 жылы Ақтоғай мыс¹ өндірудің рекордтық деңгейіне жетті – 145,7 мың тонна (2018 жылмен салыстырғанда 11%-ға артық). Сондай-ақ, кәсіпорын жылдық жоспарлы көрсеткіш - 130-140 мың тоннадан да асып түсті. Өндірістің жоғары деңгейіне кендегі металдың жоғары үлесінің, байыту фабрикасының тұрақты өткізу қабілетінің, сондай-ақ, диірменге қызмет көрсету уақытын 2019 жылдың төртінші тоқсанынан 2020 жылдың қаңтарына ауыстырудың арқасында қол жеткізілді.

Бозшакөл

Павлодар облысындағы Бозшакөл кен орнында 2019 жылдың төртінші тоқсанында 9 059 мың тонна кен өндірілді (2019 жылдың 3-тоқсаны: 9 132 мың тонна), оның ішінде каолин балшығы бар кен – 2 204 мың тонна (2019 жылдың 3 тоқсаны: 2 636 мың тонна). Жыл бойында кен өндіру 35 693 мың тоннаға (2018: 30 722 мың тонна) дейін артты. Бұл негізінен жыл бойы жиналған каолин балшығы бар кеннің қосымша қорын ашу есебінен болды. 2020 жылы қоймаланған қорлардан өңделген каолин балшығы бар кеннің көлемі өндірілген көлемнен асып түседі деп күтілуде.

¹ Концентраттағы ақылы металл және Ақтоғайдың оксидті кенінен өндірілген катодты мыс

² Концентраттағы ақылы металл

Мыс өндірісі үшінші тоқсандағы 32,1 мың тоннадан төртінші тоқсандағы 31 мың тоннаға дейін қысқарды. Диірмендердің қаптамасын ауыстыру өндіріс барасында кендегі мыстың жоғары үлесінің бір қалыпты етті.

Мыс² өндірісінің жылдық көлемі 110,2 мың тонна жоспарланған 105-115 мың тонна аралықтың орташа деңгейінде тұр және бұған дейінгі көрсеткіштен 8% артық (2018: 101,6 мың тонна).

Кенді өңдеу көлемінің азаюына байланысты алтынның өндірісі үшінші тоқсандағы 43,4 мың унциядан төртінші тоқсандағы 41,8 мың унцияға дейін төмендеді.

Бірақ 2019 жылы 144,8 мың унция алтын өндірілді. Бұл 2018 жылға (127,8 мың унция) қарағанда 13% артық өндірілді. Нәтиже 130-140 мың унция көлеміндегі болжамнан асып түсті. Бұл кендегі алтынның орташа үлесінің жоғары болуының және бөліп алудың жоғары коэффициентінің арқасы.

2019 жылы 803 мың унция көлемінде күміс өндірілді. Бұл жоспарлы 700 мың унция көрсеткіштен асты. Өткен жылмен салыстырғанда өсім – 21% (2018: 666 мың унция).

Шығыс өңір мен Бозымшақ

Шығыс өңірдің (Шығыстүстімет) кәсіпорындары мен Қырғызстандағы Бозымшақ кенішінде кен өндіру төртінші тоқсанда төмендеп, 958 мың тоннаны құрады (3-тоқсан: 979 мың тонна). Бұған негізінен Артемьев шахтасындағы өндірістің қысқаруы себеп болды. Жыл бойында өндірілген 3 879 мың тонна өткен жылдың деңгейіне сәйкес келеді (2018: 3 892 мың тонна).

Белоусов кен байыту фабрикасы жоспарланғандай 2019 жылғы 25 қазанда жабылды. Ертіс кенішінің кені Николаев байыту фабрикасына қайта өңдеу үшін тасымалданып, бұл кәсіпорынның қолда бар қуатын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Сөйтіп, төртінші тоқсанда Николаев БФ-ның өңдеу көлемі 474 мың тоннаға дейін жетті (2019 жылдың 3-тоқсаны: 319 мың тонна).

Төртінші тоқсанда мыс өндірісі 16%-ға артып, 15,6 мың тоннаны (2019 жылғы 3-тоқсан: 13,5 мың тонна) құрады, негізінен бұл Николаев байыту фабрикасының өткізу қабілетін арттыру және Орлов шахтасының кенінде мыстың жоғары үлесінің есебінен орын алды.

Мыс өндірісінің жылдық көлемі жоспарлы көрсеткішке сәйкес келіп, 55,5 мың тоннаны құрады. Бірақ бұл 2018 жылы қоймаланған кендегі металдың төмен үлесі мен қайта өңдеудің азаюына байланысты өткен жылға қарағанда 10% төмен (2018: 61,7 мың тонна). Артемьев кен орнында қайта өңдеу көлемі мен үлесі 2022 жылға жоспарланған екінші кен шоғырын өндіру басталғанға дейін ағымдағы деңгейде қалады. Орлов шахтасында өндіру күтілетін нәтижелер бойынша қалған пайдалану мерзімінде ағымдағы деңгейде немесе төмен болады, өйткені өндіріс неғұрлым терең горизонттарда және күрделі геологиялық жағдайларда жүргізілуде.

Алтын өндірудің 53,7 мың унция жылдық көлемі жоспарлы 40-45 мың унция көрсеткіштен жоғары. Өндіріс барысында Бозымшақ кенішінің кеніндегі алтынның үлесі күткен деңгейден жоғары болды.

2019 жылдағы күміс өндірісінің көлемі – 2,024 млн унция (2018: 2,356 млн унция). Жоспарлы 1,8 млн унция жылдық ауқымнан асып түсті.

Концентраттағы мырыш өндірісінің жылдық көлемі 38,3 мың тонна деңгейінде тұрақтап, жоспарланған 40-45 мың тоннадан төмен болды. Анағұрлым төмендеу Орлов шахтасында байқалды. Мұнда 2019 жылы 11,6 мың тонна өндірілді (2018: 24,8 мың тонна). Концентраттағы мырыш өндірісіне Орлов және Артемьев шахталарындағы мыс өндірісіне әсер еткен факторлар әсер етті.

Топтың өндірісіне қысқаша шолу		2019 12 ай	2018 12 ай	2019 4 тоқ.	2019 3 тоқ.	2018 4 тоқ.
Мыс өндірісі	мың тонна	311,4	294,7	80,9	82,9	77,9
Ақтоғай	мың тонна	145,7	131,4	34,3	37,3	36,0
Бозшакөл	мың тонна	110,2	101,6	31,0	32,1	26,6
Шығыс өңір және Бозымшақ	мың тонна	55,5	61,7	15,6	13,5	15,3
Алтын өндіру	мың унция	201,5	183,4	55,3	58,5	48,4
Күміс өндіру	мың унция	3 382	3 511	886	944	933
Концентраттағы мырыш	мың тонна	38,3	49,7	9,4	10,5	11,4

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы KAZ Minerals Эндрю САУЗАМ былай деп мәлімдеді: «Төртінші тоқсанда KAZ Minerals жоғары операциялық нәтижелерді көрсетті: Қазақстандағы ашық түрдегі ірі масштабты кеніштеріміз рекордтық деңгейге жетті. Бозшакөл мен Ақтоғайдағы сульфидті кен өңдейтін негізгі фабрикалар 2019 жылы есептік өткізу қуатында жұмыс істеді. Мыс пен алтын өндірісінің жылдық көлемі – тиісінше 311 мың тонна және 201 мың унция болып, жоспарланған жылдық көлемнен асып түсті. Топ өндірістің өсуін төмен шығынмен үйлестіруді жалғастыруда, ал Ақтоғай КБК кеңейту жобасы 2021 жылы құрылыс аяқталғаннан кейін өндіріс көлемінің ұлғаюына ықпал етеді».

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Павлодар облысындағы Бозшакөл және ШҚО орналасқан Ақтоғай ашық кеніштерде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2019 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 311 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 38 мың тонна концентраттағы мырыш, 201 мың унция алтын мен 3,382 млн. унция күміс өндірілді. 2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Оның кен өңдеу қуаты жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 40 жылға жуық. Кендегі мыс құрамы 0,37%. Карьер мен кен байыту фабрикалары өндірісті 2016 жылы бастады. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі (өндірісті кеңейтуді қоса есептегенде) - 25 жылға жуық. Кендегі мыс мөлшері 0,36% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылдың ақпан айында басталды. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты - 25 млн тонна. Сульфидті кенді өңдеу көлемі екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орынының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Жылдық өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 100 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2024 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орынының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,5 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,43% және кендегі алтынның мөлшері 0,23 г/т болатын 16,5 млн унция алтынды құрайды. Іске қосылғаннан кейін жоба алғашқы он жылдағы күтіліп отырған жылдық орташа көрсеткіштер - шамамен 250 мың тонна мыс және 400 мың унция алтын немесе мыс эквивалентімен есептесек, 330 мың тонна болмақ. Кеніштің пайдалану мерзімі 25 жылды құрайды және таза ақшалай өзіндік құны жаһандық шығындар қисығының бірінші квартилінде орналасқан. Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады. Кенішті игерудің күрделі шығындары \$5,5 млрд деп бағаланды. Қазір жоба техника-экономикалық негіздеме жасау кезеңінде. Топ талдаушылардың консенсус-бағасы мен тартымды ішкі табыс нормасы (IRR) аясындағы таза келтірінді құнның (NPV) айтарлықтай өсімін күтіп отыр. Баимская мыс жобасын іске асыру Топқа жоғары өсімін жалғастыруға мүмкіндік беріп, Топтың портфеліне ірі ауқымды, ұзақ мерзімді активті қосады.

KAZ Minerals PLC компаниясының акциялары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. KAZ Minerals-та шамамен 15 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.